




Әдебиет

Жазушы-аудармашы Қадыр Тайшықовтың туғанына - 115 жыл



Қазақта Қадыр деген қаламгер болған

Өткен XX ғасырдың 20-30-ыншы жылдары ұлттық әдебиетіміздің бастауында тұрған адамдардың бірі жазушы, аудармашы, музыкант Қадыр Тайшықов болатын. Биыл туғанына 115 жыл толып отырған бұл қаламгерді өткеннен хабары бар адамдар болмаса, кейінгі буын өкілдері біле бермейді. Оқырмандардың есінде болар, ана бір кезде (2013 жыл) «Сарыарқа самалының» бетінде Тайшықов жөнінде «Қайраңға ұрынған қайық» атты мақала жариялағанбыз. Онда Қадырдың Баянаула-Қызылтау өңірінің тумасы және Жүсіпбек Аймауытовпен аталас туыс екенін де айтып едік.

Төменде Қадырдың көзін көріп, бірге жүрген марқұм Бейсенбай Кенжебаевтың мақаласын ұсынып отырмыз.

Онда Бейсекең Қадырдың жан-жақты дарынды адам болғанын айта келіп, Тайшықовтың аудармамен беріле айналысқанын айтады. Ол кісінің сөзіне біздің шамалы қосарымыз, Қадыр Бейсекең атаған шығармалардан бөлек, Гогольдің «Шинелін» аударып, ол латын харпімен 1932 жылы жеке кітап болып шыққан екен. Сонымен қатар, М.Шолоховтың «Көтерілген тыңының» (1932 жылғы басылымы) бірінші томын Хасен Өзденбаевпен бірігіп аударыпты. Осы кітаптың ҚР Ұлттық

кітапханасында сақтаулы бір данасының сыртында «аударғандар: Х.Өзденбаев» деп жазылып, екінші бір аудармашының фамилиясы қара бояумен сызылып тасталыпты. Мен қалта орамалымды сулап алып, қара бояуды өшіріп көріп едім, астынан «Қ.Тайшықұлы» деген жазу шыға келді. Сол кездегі қатыгез саясат еш жазығы жоқ азаматтың аты-жөнін өзі аударған кітаптардың бетінен де өшіріп тастаған екен.

Қадыр - әдебиетімізде фельетон жанрын

қалыптастыруға барынша үлес қосып, жалпы сатиралық шығармаларды молынан жазған адам. 1927 жылы «Еңбекші қазақ» газеті сатиралық шығармаларға арнайы конкурс жариялайды. Оған 103 фельетон түсіп, соның 12-сіне бөйге берілген екен. Осы дүбірлі жарыста бас бөйге «Мұсылман ұлының қамшысы», «Үш тарау», «Меруерттің сыры» атты туындылары үшін Қадыр Тайшықовқа берілді. Екінші бөйгені Аманғали Сегізбаев алса, үшінші бөйге Бейімбет Майлинге тиген екен.

Қ.Тайшықов жайлы бүгінге жеткен аз дерек осындай. Оның 1962 жылы Б.Кенжебаевтың алғысөзімен қайта басылып шыққан «Октябрь ұшқыны» атты кітабын биылғы мерейтойына орай қайта өңдеп, құрастырып, «Аманат» деген атпен басып шығардық. Қолдан келгені осы болды.

Сайлау БАЙБОСЫН,
Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі.

Қадыр ТАЙШЫҚОВ

Шалқан

(Чеховтан)

Баяғыда бір шал мен кемпір болыпты. Күндергін бір күні шал мен кемпірден Серж дейтін бала туады. Серждің құлағы ұзын және басының орнына шалқан (репа) бітілді. Серж жүре-жүре өсті, өсе келе үлкеннің үлкені болып өсті...

Шал баласының құлағынан тартты. Олай тартты, былай тартты, бірақ адам қатарына тартып шығара алмады. Шал кемпірді шақырды. Кемпір шалды тартты, шал шалқанды тартты, олай тартты, былай тартты, тартып шығара алмады.

Кемпір князьдің әйелі, өзінің жеңгесін шақырды. Жеңгес кемпірді тартты, кемпір шалды тартты, шал шалқанды тартты, олай тартты, былай тартты, тартып шығара алмады.

Князь әйелі көршісі жанаралды шақырды. Жанарал жеңгеді тартты, жеңгей кемпірді тартты, кемпір шалды тартты, шал шалқанды тартты, олай тартты, былай тартты, тартып шығара алмады. Шал шыдамады. Қызын бай көпеске күйеуге берді. Шал жүз теңгелік ақ құйрықтары (ақша дегені - С.Б.) мол көпесті шақырды.

Көпес жанаралды тартты, жанарал жеңгеді тартты, жеңгей кемпірді тартты, кемпір шалды тартты, шал шалқанды тартты, олай тартты, былай тартты, сөйтіп шалқан-басты сүйрелеп, адам қатарына әкеліп қосты.

Сөйтіп, Серж статский советник болды.